

Ұмытылмас тұлға

Жазықсыз жазаланған...

Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» атты өлеңінде:

Мен-қазақпын мың өліп,
мың тірілген,
Жергегімде таныстым
мұң тіліммен.
Жылағанда жүрегім
күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген,-деп жырлағандай, қазақтың басынан өтпеген зұлмат кемде-кем. Саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған, «ұлтым» деймін деп «ұлы қылмыс» жасап, «халқым» деймін деп «халық жауы» деген жала жабылып, атылып кеткен Әубәкір Байжанұлы Ілиясовтің туғанына биыл 115 жыл толып отыр.

-Менің әкем-Әубәкір Байжанұлы Ілиясов қазіргі Зеренді ауданының Исаковқа селолық Советіне қарасты Кішкене Долбы колхозында 1906 жылы дүниеге келген. Әкесі Байжан, оның інісі Балтабай Зеренді селосындағы Александр Горбуновта жалшылықта болды. Әкемнің ата-анасы ерте дүниеден өткен. Ол кезде небары он екі жаста екен. Өзінен кіші Қапиза қарындасы, Оразалы інісі жетім қалады. Екі апасы Загила Қасқатау ауылының тумасы Шабан дегенде, екінші апасы Загила Жосалы ауылында Бек деген кісінде тұрмыста болған.

Бұл Октябрь төңкерісіне дейінгі жағдай. Тұрмыстың ауырталпығының салдарынан Қапиза ерте дүниеден өтеді. Әкесінің жалғыз інісі Балтабай үш балаға қамқоршы болады. Балтабай атамсыз өмірі үйленбеген, жанұясы жоқ. Петропавл қаласында Шынтас деген жиеніміз болатын, сол кісіні паналап барған. Осы қалаға әкем інісі Оразалыны әкеліп, балалар үйіне орналастырады, өзі оқу оқып, сауатын ашады. Оқуға сондай зерек болыпты, жазуы өте әдемі, маржандай болыпты.

Әкем сол кездегі Бостандық аудандық атқару комитетінің төрағасы Насыровтың ақылымен Көкшетауға келеді, бірақ балалар үйіне орналаса алмайды. Туленнің Сәдуақасы деген нағашысының үйіне паналап, әркімдерде жалшылықта жүреді, кешке ересектермен бірге оқып, сауатын ашады. Көкшетау уездік комитеті 1924 жылдың қазанынан 1925 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Петропавл қаласындағы қырғыз (қазақ) кедейлерінің мектебіне оқуға жолдама береді. Осы мектепті ойдағыдай аяқтайды да Көкшетауда уездік комитетте жұмыс істейді. 1925 жылдың қыркүйек айының соңында Ақмола губерниялық комитеті Москва қаласына



1937 жылғы 12 желтоқсан бүкіл совет халқы үшін тарихи күн болды. Бұл күні КСРО Жоғарғы кеңесінің сайлауы өтті. Халық сайлауды үлкен мейрам тұтты. Өлең айтып, билеп, жалынды ұрандар жазылған транспаранттар көтеріп, лег-легімен сайлау учаскелеріне келіп-кетіп жатты.

Мен ол кезде небары алты жас шамасындағы балдырған едім, дегенмен көп нәрсе есімде қалыпты. Отбасымыз ол жылдары Щучье қаласында тұратын. Бұл қала-әкемнің соңғы қызмет істеген жері. Сол бір мерекеге айналған сайлау күні әкем Әубәкір мен анам Жаңыл мені де сайлау учаскесіне ертіп апарған. Учаске өте әсем безендірілген екен. Музыка ойнап, халық аса бір жадыраңқы, көтеріңкі, шат көңілмен өлең айтып, билеп жатқаны есімде қалыпты. Бұл сайлауда

КСРО Жоғарғы Советінің депутаттығына шопан Төке Әмрин деген кісі ұсынылған еді.

Бүкіл халықтық осы мереке біздің отбасымызға зор қуаныш әкелді. Сол күні кешке таман анам Жаңыл босанып, қыз бала дүниеге келді. Оны Ист-дат деп атады. Қарындасымның атын Ист-дат қойғанына анам алғашында қарсы болса да, оның саяси мәні барын түсінген соң құптады. Оның толық аты «Историческая дата» деген сөздің қысқартылған жобасы еді. Бұл ең алғашқы сайлау құрметіне қойылған есім болды.

Сол бір қуанышты оқиғадан кейін арада айға жуық уақыт өтті. Әкем Әубәкір ол жылдары Щучье аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болатын, әрі жоспарлау комитетінің төрағасы қызметін де атқарды. 1938 жылғы 11 қаңтар біздің отбасымызға пәленжі басы болды. Сол күні Щучье аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде әкем Әубәкір Байжанұлы Ілиясов «халық жауы» ретінде ВКП (б) қатарынан шығарылды, әрі қызметінен босатылды. Әкем тұсауа үйге келіп, болған жағдайды анама айтты. Анам Жаңыл үрейі ұшып, селк ете түсті, көзінен жасы сорғалап қатты жылады. Әкемді біз

Әуем деп атайтынбыз, көпшілік те Әуе дейтін. Арада қанша уақыт өткенін білмеймін, ұзақ тұрғаннан кейін Әуем анама:

-Әлі уақыт бар ғой. Енді Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне барып шағым айтам, әлі де үмітім бар, істеген ешбір қылмысым жоқ, адалдық үшін құрбан болсам, амал қанша,-деп жұбатты.

12 қаңтар күні Әуем аудандық партия комитетіне барып, бюроның шешімі туралы жазба қағаз сұрапты. Бірақ қолына аупарткомдағылар ешбір қағаз бермесе керек. Қағаздың барлығын облыстық партия комитетіне өздері жібергенін естіп, үйге келді. Бұдан бір жақсылықтың нышанын көргендей болып, «обком мәселенің анық-қанығына жетіп, әділ шешім шығаруға тиісті» деген болды.

Алайда облыстық партия комитеті де бұл мәселені 1938 жылдың 13 мамырына дейін шешпеді. Әкем екі рет обкомға барып көріп еді, ондағылар: «Әлі қаралған жоқ» деп екі дүркіл бос қайтарды. Сөйтпек әкем дел-сал болып, уайымдап жүрді. Ақырғы рет 1938 жылғы 13-ші мамыр күні ең соңғы барғанында облыстық партия комитетінің ғимаратына кірген Әуемді бір сағаттық ішінде НКВД-нің екі адамы сол жерде ұстап, түрмеге апарып жауыпты. Мұны біз Қызылжар қаласында тұратын Шынтас деген жиенімізден естідік. Әуем оған: «Мені алыстан бақылап жүр», -деп әдейілеп тапсырса керек. Шынтас болған істі көзімен көріп, анам Жаңылға хат жазыпты. «Әубәкірді абақтыға қамады, тез жет», -депті хатында.

Анам, кішкентай бөбегі Ист-Дат қарындасым қолында, Қызылжар түрмесіне ай сайын барып тұрды. Түрмеде жеті айдай зорлық-зомбылық көреді, бірақ түрмеде жатқан әкеме ол кісіні жолықтырмақ түгілі, хат та жазғызбапты. Тек қана ішкі киімдері мен берген тамағын алып тұрды. Анам бір барғанында кірлеген, қанның тамшылары бар күртешесін табыс еткен. Тегі соңғы өтініші болу керек. Үйге келген соң күртешені қарап отырып, астарын сөккенде, сия қарындашпен, латын әрпімен жазылған «Болмаған істі болды деп қол қойдырды» делінген. Сол жолы мені де Қызылжарға ала барған.

Бірақ біз түрмеге кіргенде тесіктен: «1938 жылғы 4-ші қазанда Әубәкір Ілиясовқа сот болды, он жылға кесілді, алыс лагерьге аттандырылды», деп жауап берді. Осылайша біз тағдырдың төлкегіне ұшырап, шырылдап қала бердік.

Әкемнің өмірбаянына

келетін болсақ, тағдыры сол 30-шы жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарының өміріне өте ұқсас. Ол жастайынан әке-шешесінен жетім қалып, жалшылықта жүрген. Өсе келе рабфакта оқыған. Сауат ашқан соң партия, кеңес кәсіподақ саласында жұмыс істеген. Барлық күш-жігерін, білімін халық игілігі үшін жұмсаған азамат еді.

Анам Жаңыл екеуіміз әкемізді «Он жылға кесті» деген хабарға шынымен сендік, әкемізді тостық. Бірақ, «Өлімге кесілді» деп ойламаған едік. Анам қайғының салдарынан жүрек ауруынан 1949 жылы дүние салды. Мен пансион-интернатта оқыдым. Бірақ есейе келе әкемді «халық жауы» деген атақ көкірегіме зілмәуір салмақ, ауыр дақ болды. Өз басым оған сенген жоқпын. Сондықтан Сталинге бірнеше рет хат жолдадым. Оған жауап ретінде: «Алыс лагерьлерге жіберілді, мерзімі біткен жоқ, хат жазуға болмайды», -деп аудандық НКВД-ға шақырып, қол қойдырумен болды.

1957 жылы Қарағанды қаласында қызмет істеп жүрген кезімде сол кездегі мемлекет басшысы Хрущевке хат жазып, әкемнің тағдырын сұрастырдым. Көп кешікпей жазбаша түрде жауап қолыма тиді. Онда: «Әкеңіздің ісі Ташкенттегі Түркістан әскери трибуналында қайта қаралады», деп жазыпты. 1958 жылғы 6 ақпанда ТуркВО әкемнің ісін қайта қарады. Трибунал: «Ешқандай қылмысы болмаған Ілиясов Әубәкір Байжанұлы өлгеннен кейін толығымен ақталғандығын» айтты. Осылайша қолыма әкемнің адалдығы туралы анықтама қағазын алдым. Көңіліме медет болары сол, әке алдындағы перзенттік борышымды орындадым деп ойлаймын. Тек аруағы риза болсын.

Ұзақ жылдардан кейін ғана Әубәкір Ілиясов сынды алаштың көптеген ардақты азаматтарының есімдері халқымызға қайта оралды. Осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған адамдардың есімдерін мәңгі ұмытпай, оларды әрқашан есте сақтау-бүгінгі ұрпақтың парызы.

Әубәкір Ілиясовтің есімін ел есінде мәңгі сақтау мақсатымен Зеренді ауданы өкілшілігі басшысының архивте сақталған 1993 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен Ә. Ілиясовтің есімі Зеренді ауылының бір көшесіне берілді.

(Бұл мақаладағы материалдар Әубәкір Ілиясовтің ұлы Қазақстан Ілиясовтің Зеренді ауданының мемлекеттік архивіне сыйға тартқан кітабынан алынды.)

Шынар БЕКЕНОВА,
Зеренді ауданы
мемлекеттік архивінің
архив қоймасының
меңгерушісі.

